

ПОЙЫЗДАРҒА ИНТЕРНЕТ ОРНАТУ – БҰЛ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫН ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. БІЗ ПОЙЫЗБЕН САЯХАТТЫ ҚОЛАЙЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМНІҢ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ЕТУГЕ АТСАЛЫСЫП ОТЫРМЫЗ, ӨЙТКЕНІ АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. БҰЛ ЖОБА ЖОЛАУШЫЛАРҒА БІР МЕЗЕТТЕ БАЙЛАНЫСТА БОЛУҒА, ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘНЕ ДЕМАЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. БІЗ БҰЛ СЕРВИСТІҢ АУҚЫМЫН АРТТЫРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫРМЫЗ, АЛДЫМЕН ОНЫ «ТАЛҒО» ПОЙЫЗДАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ 15 БАҒДАРЫНА ЕНГІЗУДЕН БАСТАЙМЫЗ.

Әнуар АХМЕТЖАНОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары –  
«Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы



№7 (3046)  
31/01/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## КӨЛІК ТОРАПТАРЫ ДАМЫТЫЛАДЫ

Осы аптада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыс барысында Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысына Үкіметтің 2024 жылғы жұмыс қорытындысын баяндады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Теміржол саласына қатысты Премьер-министр еліміздің көлік-логистика әлеуетін ашу жөніндегі міндеттерді іске асыру шеңберінде биыл «Достық-Мойынты» және Алматы қаласын айналып өтетін темір жолдың құрылысын аяқтау жоспарланып, «Дарбаза-Мақтаарал» және «Бақты-Аягөз» жобаларын іске асыру жалғасып жатқанын айтты.

Сонымен қатар «Мойынты-Қызылжар» жаңа теміржол желісін салу жобасы биыл басталар болса, қазір «Алтынкөл-Жетіген» учаскесінің екінші жолының құрылысы қолға алынған.

Қорытынды баяндамадан кейін Мемлекет басшысы көлік-логистикалық инфрақұрылымның маңыздылығына тоқталды.

«Транзит – жүктерді тасымалдау үшін халықаралық бәсекелестікте біздің үлкен артықшылығымыз. Бұл артықшылықты толығымен және тиімді пайдалану керек. Транскаспий бағдарының негізгі буыны болатын Трансқазақстан теміржол дәлізін дамытуды жеделдету қажет. Осы бағыттағы маңызды жобалардың бір бөлігі жүзеге асырылуда, бірақ болашақта одан әрі жұмыс істеу керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Мойынты-Қызылжар» жаңа теміржол желісін салуға кірісуді және Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі магистральдың жүктемесі көп учаскелерін жаңғыртуды тапсырды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Алтынкөл-Жетіген» учаскесін кеңейтудің маңызы зор екенін атап өтті. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы



көлік дәлізінің әлеуетін едәуір күшейтеді. Бұл ретте теміржол тасымалын цифрландыру жобаларын уақытылы аяқтау да маңызды болмақ.

«Тасымалдауды көліктің барлық түрлерімен біріктіруге мүмкіндік беретін мультимодальды көлік тораптарын дамытуға назар аудару керек. Ағымдағы және келесі жылдар осы бағыттағы жұмыстар серпіңді болуы тиіс», – деді өз сөзінде Қ.Тоқаев.

Президент сонымен қатар цифрлық технологияларды жан-жақты енгізу мәселесіне тоқталып, Үкіметке мемлекеттік органдар мен

ұлттық компанияларда жасанды интеллект құралдарын енгізуге кірісуді тапсырды.

Айта кетейік, «ҚТЖ» ҰК» АҚ дамудың негізгі факторларының бірі ретінде цифрлық технологияларды қолдануға ерекше маңыз беріп отыр. Теміржол саласында PSA компаниясымен бірлесіп, кедендік және транзиттік бизнес-процестер цифрланып, «Wabtec» және «Huawei» компанияларымен бірге жасанды интеллект технологиялары енгізілуде. Логистиканы оңтайландыруға ықпал ететін «Бір терезе» қағидаты жұмыс жасап тұр.

Сурет akorda.kz сайтынан алынды

### ОБЪЕМЫ ВЫРОСЛИ



На 10% вырос объем перевозок всеми видами транспорта в Казахстане по итогам 2024 года. Всего за этот период перевезено 1 078,8 миллиона тонн грузов.

Общий грузооборот в 2024 году достиг 514,5 миллиарда тонно-километров, что на 2,6% превышает показатель 2023 года.

Пассажирооборот вырос на 13,8% и составил 82,8 миллиарда пассажиро-километров.

Железнодорожным транспортом республики в 2024 году перевезено 437,1 миллиона тонн грузов, рост к 2023 году – на 5%. Грузооборот увеличился незначительно – на 0,3%, достигнув 327,9 миллиарда тонно-километров. Путешествия на поезде в 2024 году предпочли 20,8 миллиона пассажиров, на 5,1% больше, чем в январе – декабре 2023 года, пассажирооборот составил 16,2 миллиарда пассажиро-километров (рост на 0,5%).

Самое масштабное увеличение объема перевозок демонстрирует морской транспорт. В 2024 году перевезено 2,8 миллиона тонн грузов, что в 2,1 раза больше, чем в 2023 году. Грузооборот составил 1 581,4 миллиона тонно-километров и увеличился в 1,8 раза по сравнению с январем – декабрем 2023 года.

Любовь РОВБА

### ЕКІНШІ ЖОЛ АШЫЛДЫ



Достық – Мойынты теміржол учаскесінде ұзындығы 836 км құрайтын екінші жолдар құрылысы биыл жазда аяқталады. Күні кеше осы екінші жолдар құрылысы аясында Балқаш – Мойынты учаскесі ашылып, пойыздар жүре бастады.

Мойынтыдан Балқашқа дейінгі 127 шақырымдық учаскеде белгі беру, орталықтандыру және блоктау құрылыстарын қосу сәтті аяқталды. Жаңа инфрақұрылым мобильді диагностикалық кешенмен тексерілді. Қазақстан темір жолы Достық – Мойынты екінші жолдар құрылысының алғашқы бөлігі Мойынты – Балқаш аралығында жүк пойыздарының екі жолды қозғалысын мерзімінен бұрын ашты.

Жалпы, құрылыс жұмыстарының көп бөлігі аяқталуға жақын. Бүгінгі таңда рельсті шпал торы 769 км-ге төселген, жер жұмыстарының 99% орындалған. Темірбетон құбырларын орнату (259-дан 255), көпірлерді орнату (92-ден 88) аяқталады. БОБ, байланыс және энергиямен жабдықтау жүйелерінің құрылысы жүргізілуде. 630 км-ден астам түрлі кабель тартылып, жоғары вольтты желіге 12 998 тірек орнатылды.

Бұл ҚТЖ-ның ірі инфрақұрылымдық жобаларының бірі, соның арқасында жүктемесі жоғары Достық – Мойынты желісінің өткізу қабілеті 5 есе артады деп болжанауда.

Ұлан ОРАЗ

### КУРСОМ РАЗВИТИЯ



Вопросы расширения сотрудничества в транспортно-логистической сфере и новые возможности для развития экономических отношений между Казахстаном и Пакистаном рассмотрены в Астане.

В столице состоялась встреча министра транспорта Республики Казахстан Марата Карабаева с послом Исламской Республики Пакистан в РК Науманом Баширом Бхатти.

В ходе встречи стороны обсудили ключевые вопросы двустороннего сотрудничества в транспортно-логистической сфере, включая развитие железнодорожного и автомобильного сообщения, а также перспективы увеличения объемов грузоперевозок. Особое внимание было уделено вопросам расширения транспортных коридоров и улучшения транзитных маршрутов между двумя странами.

Дополнительно был затронут вопрос подготовки к проведению очередного заседания Межправительственной комиссии (МПК) по торгово-экономическому сотрудничеству.

Казахстанская сторона выразила заинтересованность в проведении мероприятия в удобные для обеих сторон сроки и готовность к дальнейшему обсуждению повестки заседания.

Айлин БАУРЖАН

## Сотрудничество

### ИНТЕРЕС ВЗАИМНЫЙ

Реализацию проектов, связанных с транзитными перевозками через коридор Север – Юг, обсудили руководители СТК «Kazlogistics» и международного холдинга Eurasian Caspian Trans.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,  
Астана

ТОО «Eurasian Caspian Trans» входит в состав крупнейшего частного инвестиционного холдинга в Иране Arzesh Afarinan Fadak и предоставляет услуги по железнодорожным перевозкам во внутриреспубликанском и международном направлениях.

Во время встречи в Астане стороны обсудили сотрудничество в рамках развития транзитных перевозок и укрепление экономических связей между странами.

Сотрудничество с Ираном в последние годы расширяется. Так, Казахстан намерен ратифицировать Соглашение о свободной торговле между Евразийским экономическим союзом и его государствами-членами и Исламской Республикой Иран, целью которого является создание благоприятных условий для продвижения товаров на рынок партнера и привлечение инвестиций в страны ЕАЭС. Иран планирует увеличить

товарооборот с Казахстаном до трех миллиардов долларов. В 2024 году объемы поставок зерна в Иран увеличились в два раза – до 526 тысяч тонн.

Особое внимание во время переговоров уделено реализации проектов, связанных с транзитными перевозками через коридор Север – Юг.

Казахстан, Россия, Туркменистан и Иран подписали «дорожную карту» по синхронному развитию потенциала восточно-

го маршрута международного транспортного коридора Север – Юг на 2024-2025 годы. Кроме того, активизированы перевозки по транспортно-транзитному коридору Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран.

В июле прошлого года в сухом порту и железнодорожном терминале Априн запустили первую очередь железнодорожного коридора Китай – Иран – Европа.

Фото автора



Бауыржан УРЫМБАСАРОВ,  
управляющий директор  
по производственному процессу  
АО «НК «ҚТЖ»:

СТАНЦИИ ДОСТЫК И АЛТЫНКОЛЬ являются ключевыми звеньями в транспортно-логистической цепи между Казахстаном и Китайской Народной Республикой. В этой связи государство и АО «НК «ҚТЖ» ПРИДАЮТ ОГРОМНОЕ ЗНАЧЕНИЕ РАБОТЕ ПРИГРАНИЧНЫХ СТАНЦИЙ. ТАК, В 2024 ГОДУ ОБЪЕМ ГРУЗОВ МЕЖДУ РК И КНР ДОСТИГ НОВОГО РЕКОРДНОГО ПОКАЗАТЕЛЯ И СОСТАВИЛ 32 053 ТЫСЯЧИ ТОНН, ЧТО НА 13,2% БОЛЬШЕ, ЧЕМ В ПРОШЛОМ ГОДУ

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

Биыл «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ БОЙЫНША

1400 км

АСТАМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ.

ҚҰРЫҚ ПОРТЫ  
АРҚЫЛЫ БЫЛТЫР

2 млн

ТОННА ЖҮК ТИЕЛІП,  
ЖӨНЕЛТІЛГЕН.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ АҚМОЛА  
БӨЛІМШЕСІНДЕ  
ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН  
БҰЗУШЫЛЫҚ

32%

ТӨМЕНДЕГЕН.

## ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖЕМІСІ

Қазақстан мен Қытай арасындағы тасымал көлемі жылдан жылға өсіп келеді. ҚТЖ жедел штабының өкілі Мұнар Айтжановтың мәлімдеуінше өткен жылы ол 32 млн тоннаны құрап, 2023 жылдан 13 пайызға артқан. Аталған жылы Қытайға 20 млн тонна жүк жөнелтіліп, 12 млн тоннасы қабылданған еді. Былтыр контейнерлік тасымал көлемі 1,7 млн ЖФЭ болып, 16 пайызға артты.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Соңғы 5 жылда ҚТЖ-да жүк көлемі 1,5 есе немесе 10,5 млн тоннаға өскен. Соның ішінде Қытайға бағытталған жүк тасымалы 6 млн тоннаға немесе 43 пайызға, ал ол елден келген жүк 4,5 млн тонна немесе 58 пайызға көбейді. 2020 жылдан бері контейнерлік тасымал көлемі 70 пайыз артып, 718 мың ЖФЭ құраған. Сол сияқты ҚХР-дан келетін контейнерлік жүк те 54 пайызға артып, 378 мың ЖФЭ құрағаны белгілі.

– Біздің елдеріміз арасындағы жүк ай-

налымының өсуі Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың нығаюымен тікелей байланысты, бұл бірінші кезекте өзара сауданы дамыту үшін экономикалық ынтымақтастықты тереңдету есебінен және соның нәтижесінде тауар алмасу өскенін білдіреді. Қазақстан темір жолы «Бір жол, бір белдеу» жобасын іске асыруға белсенді қатысады. Өткен жылы Каспий теңізі арқылы Еуропа мен Таяу Шығысты байланыстыратын Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша тасымалдың өсуі байқалды. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша

20 есе өсім тіркелді. Жүк тасымалдау саласында темір жол және терминалдық инфрақұрылымды қатарынан дамыту маңызды рөл атқарады, бұл жыл сайын тасымалдау көлемін сенімді түрде арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан, Қытай, сондай-ақ Ресей мен Еуропа аумақтарында көліктік логистикалық кешендерді дамыту жөніндегі бірлескен инвестициялық жобалар жүк айналымын ұлғайтуда, сондай-ақ жүктерді жеткізу сапасы мен жылдамдығын арттыруда маңызды рөл атқарады, – дейді М. Айтжанов.

(Жалғасы 2-бетте)



## АҚТӨБЕДЕН МӘСКЕУГЕ ҚАТЫНАЙДЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



**Енді Ақтөбеден – Мәскеуге, Мәскеуден Ақтөбеге дейін жолаушылар пойызы қатынайды. Желтоқсан айының соңғы күндері іске қосылған бағдар жаңа кестемен жұмыс істеп тұр.**

Ақтөбе теміржол вокзалы бастығының орынбасары Жанна Иманованың айтуынша, 2024 жылдың желтоқсан айының соңында алғашқы сапарға шыққан жолаушылар пойызы аптасына екі рет қатынайды.

– Жалпы Ақтөбе арқылы бірнеше халықаралық пойыздар қатынайды. «Ташкент-Москва» бағытындағы пойыз аптасына екі рет, бейсенбі және сенбі күндері өтеді. «Москва-Ташкент» кері бағыты да аптасына екі рет, сейсенбі және жексенбі күндері өтеді. Бұл жаңа жылдан бастап өзгерген кесте. Сонымен қатар қазір аптасына екі рет «Бішкек-Москва» бағытына қатынайтын пойыз да бар. Дүйсенбі және бейсенбі күндері жүреді. Кері бағыт дүйсенбі және жұма күндері өтеді, – деді Жанна Иманова.

Бүгінгі күні Ақтөбе вокзалы 15 жұп, яғни 30 жолаушылар пойызын қабылдап-жөнелтеді. Сонымен қатар өткен жылдың соңында «Шалқар-Ақтөбе» бағытына қосымша пойыз қосылған. «Ақтөбе-Шалқар» бағыты бойынша қатынайтын коммерциялық №630/629 пойызы 22 қазаннан бастап құнара жолаушы тасымалын жүзеге асырады.

## ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ЖАҢАРТЫЛДЫ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



**Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша өткен жылғы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, ағымдағы жылы іске асырылуы тиіс іс-шаралар жоспарланды.**



Бөлімше басшысы Айдын Шәукежановтың айтуынша, өткен жылға алға қойылған негізгі тапсырмалар толық орындалған. Әсіресе транзиттік әлеуетті арттыру, сонымен қатар пойыздар жылдамдығын жоғарылату мақсатында ағаш негізді шпалдарды темірбетонға ауыстыру арқылы жол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарына басымдық берілді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтардың 28-і күні болып өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің көлік инфрақұрылымын дамытудағы басым бағыттарды атап өтіп, Қазақстан аумағы Орталық Азия мен Қытай арасындағы жүк айналымын ұлғайтуға қолайлы екенін еске салды. Мұнымен қоса, күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін қайта жаңғырту керектігін жеткізді. Бұл бағытта бізде өткен жылы бірқатар жұмыстар жасалды. Келісімшарт бойынша жаңа материалдармен 61,1 км күрделі жөндеу, ескі шпалдар торымен жолды қарқынды орташа жөндеу 11,2 км, орташа жөндеу 19,5 км телімде жүргізілді. Бағыттама бұрмаларын жаңа темірбетонға ауыстыру арқалықтары 63 жынтық болды. Сондай-ақ R-43,50 типті рельстерді R-65-ке ауыстыру арқылы 15 км жолда жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылды, – дейді Айдын Мақсұтбекұлы.

Бұл бағыттағы іс-шаралар биыл да жалғасады. Жалпы темірбетонды жол төсемдеріне толық көшу үшін алдағы жылдары 366 шәкырмыс жолға күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр.

Сонымен қатар желі бойындағы инфрақұрылымдарды жаңарту, абаттандыру да қатар жүргізілімек. Өткен жылы бөлімше теңгеріміндегі екі металл көпір сырланған. Биылғы шаралар жуық арада нақтылануы тиіс.

Желі бойында санитарлық-тұрмыстық ахуалды жақсарту үшін 2023 жылдан бастап бүгінге дейін 39 модульдік ғимарат орнатылыпты. Биыл да жалғасады. Сондай-ақ өткен жылы «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС бөлімшесіне қарасты 22 ғимаратқа толық көлемде ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Биылғы жылға да межелеңген ауқымды жоспар бар.

Бөлімше басшысы соңғы жылдары қолданыстағы автотракторлық көлік паркін жаңалау да қарқынды жүргізіліп жатқанын жеткізді. Өткен жылы 13 бірлік жүк-жолаушы көліктері, қалпына келтіру жұмыстарын атқару үшін бір Т-35 бульдозері, сонымен қатар салмақ көтергіштігі 150 тонна болатын бір теміржол краны алынған. Десек те, кейбір мекемелер бойынша техниканың қажеттілігі әлі де сезіледі.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖЕМІСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚХР-ға берілетін жүктердің негізгі үлесін 7,7 млн тонна металл кендері құрайды, одан кейін 6,2 млн тонна контейнерлердегі жүктер, бұдан әрі жоғары өңдеу дәрежесі бар өнімдер – 1,8 млн тонна түсті және қара металдар, 300 мың тонна мұнай өңдеу өнімдері (кокс), 100 мың тонна химиялық жүктер құрайды. 2024 жылы 3,3 млн тоннадан астам астық жүктері экспортталды – бұл 1,8 млн тонна астық және 1,5 млн тонна астықты қайта өңдеу өнімдері.

Қытайдан контейнерлермен жөнелтілетін 10,5 млн тонна бойынша пойыздар алмасуын екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Достық станциясын жаңғырту, кең шанақты 5 жолдан тұратын қосымша парк салу, жүк қабылдап-жөнелтетін паркте кең және

150 мың тонна азық-түлік, 170 мың тонна құрылыс заттары жеткізілген. Жыл сайын автомобиль мен оларға қосалқы бөлшек дөңгелектер жеткізу көлемі де артуда.

– Өткен аптада ҚТЖ мен Үрімші темір жолы арасында екіжақты кездесу өтіп, онда былтырғы жұмыстар қорытындыланып, биылғы жоспар сөз болды. Осы жылы жүк тасымалын 1 млн тоннаға, яғни 3 пайызға өсіру межеленіп отыр. Биыл Достық – Мойынты телімінде екінші жолдар құрылысын аяқтау жоспарлануда. Бұл Достық – Алашаңқай шекара өткелі бойынша пойыздар алмасуын екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Достық станциясын жаңғырту, кең шанақты 5 жолдан тұратын қосымша парк салу, жүк қабылдап-жөнелтетін паркте кең және



тар шанақты қосымша 2 жол төсеу көзделуде, – деп мәлімдеді М.Айтжанов.

Айтуынша, мұның бәрі – Қазақстан мен Қытай темір жолдарының үйлесімді жұмысының нәтижесі. Шекара маңы станция-

ларының дамуымен бірге сенім мен өзара түсіністікке негізделген көп жылдық ынтымақтастық алға қойылған барлық мақсаттарға қол жеткізіп, белгіленген жоспарды жүзеге асыруға септік етеді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ЕҢБЕК ҚОРҒАУДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ІС



**Атырау магистральдық желі бөлімшесінде жолдың техникалық жағдайы талап деңгейінде. Өткен жылы жолды күтіп баптау жоспары 63 балл болса, орындалуы 50 балды құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 9 балға жақсарған.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Мердігерлік әдіспен жолды күрделі жөндеу – 69,6 км, шаруашылық тәсілмен күшейтілген орташа жөндеу – 21,5 км орындалып, жаңа бұрмаларды төсеу – 43 жынтық, көне жарамды бұрмаларды төсеу 23 жынтықты құрады.

Станциялық 10,7 км жанама жолдарының рельстері Р-50 типінен Р-65 типіне ауыстырылып, 16,7 км түйіспесіз рельс төселген. «Өңірдің табиғи ерекшеліктеріне сәйкес Атырау магистральдық желі бөлімшесінің жол учаскелерінде 231,05 км құрайтын құмды көшкірге бейім жерлер бар. Осы учаскелерді құмды көшкірнен қорғау үшін бөлімшеде екі қатар қар қалқаларын орнату, қамыс арқылы қорған орнату және шпалдарды иректеле орналастыру әдістері қолданылады. Осы шаралар нәтижесінде Нарын-РЗД14-РЗД15-Аққыстау станциялары аралығындағы құм көшкірі тоқтатылды. 2025 жылы осы әдіспен жұмыс РЗД8-РЗД7 өткелінде және Исатай станциясы мен РЗД10 аралығында жалғасу жоспарлануда», – дейді бөлімше директоры Аралбай Қосымбаев.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша өткен жылы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі бұзылған 6 жағдай орын алған, оның ішінде оқиға – 2 жағдай, оқиға – 4 жағдай. Тексерсе келе оның басты себептері аталды.

Магистральдық желі бөлімшесі бастығының мәліметінше, қозғалыс қауіпсіздігі жағдайының нашарлауына, айталық,



жол дистанциясының учаске басшылары, бригадирлер мен жол монтерлерінің өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамауы, бөлімше мен дистанция басшылары тарапынан тиесілі бақылаудың болмауы, қолда бар шағын механизациялау құралдарының 30%-ға тозығы жеткенін ескере отырып, шағын механизация құралдарымен, жол құрал-саймандарымен жеткілікті түрде жарақтандырылмауы, сондай-ақ СЦБ аспаптарының тозуы, т.т. себеп болған.

Оған қарсы шара ретінде жолдар мен бұрмаларды, ағымдағы күтіп-ұстау бойынша тәжірибелік-техникалық сабақтарды жиі әрі сапалы өткізу, сонымен қатар жол шебері және жол бригадирінен бастап талапты күшейту жұмыстары жүргізілуде. Ал техникалық құралдардың жағдайын жақсарту үшін 1968 жылдан бері пайдаланып келген ПВ-60, ПВ-24 қуат панельдері ЦАВР, ШЦ, ШЦП-25ГЦ, ШР, ШР1 сынды түрлеріне жаңартылған. Мақат станциясындағы дөңеске пойыздар қозғалысын реттейтін МП-АСДЦ жүйесі енгізілсе, 1975 жылдан бері қолданыста тозығы жеткен ДГА-24 құрылғысы ВЛ-30 типті ДГА-ға ауыстырылыпты. Енді

тоқ көзінен тапшылық болмауы тиіс.

Үйдегісінен түздегісі көп, жыл он екі ай сыртта жүріп, ауа-райымен санаспай еңбек ететін теміржолшылардың жағдайын жасау – ҚТЖ үшін басымдыққа ие бағыт.

Өткен жылдары өңірлерге жылыну пункттерін қайта жасақтау үшін бес тонналық 95 контейнер жеткізіліп, Атырау жол дистанциясына 50 дана, Құлсары жол дистанциясына 45 дана контейнер бөлінген. Олар өңірдегі барлық станциялар мен разъездерге орналастырылып, жұмысшылар игілігіне берілді. Сонымен қатар Атырау жол дистанциясына модульдік үйлер де жеткізіліп, олар Нарын, Махамбет, Қарабатан, т.б. станцияларда және шағын бекеттерде орнатылды.

Былтұр сондай-ақ 37 модульдік ғимарат алынып, жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайларының жақсаруы мен еңбек қорғау деңгейінің көтерілуіне үлкен ықпалын тигізді. Сонымен қатар 4 дана (DONGFENG) жол талғамайтын автокөлік пен 1 бульдозер алынып, техникалық қор айтарлықтай жаңарды.

*Суреттерді түсірген автор*

## «ҚАРА ЖӘШІК» ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАДЫ



**Көпшілік ұшақтың «қара жәшігі» болатынын білгенімен, мұндай құрылғы пойызда да бар екенін біле бермейді. Мамандар арасында «дешифратор усилитель» деп аталатын шифррешу құрылғысы осы «қара жәшіктің» қызметін атқарады. Ал онымен ел ішінде жүрген барлық локомотивтер жабдықталған.**

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Шымкент

Оны күтіп, баптау мен қалыпты жағдайда жұмыс істеуін қамтамасыз ететін электромеханик Гүлнәр Бердіқұлова бізге бұл жөнінде кең ақпарат берді.

– Жалпы, шифррешу күшейткіші – «дешифратор усилитель» құрылғысын ТЭМ-2 тепловозының немесе локомотив атаулының «күрегі» немесе «миы» десек те болады. Өйткені мұның көмегімен тұтас жылжымалы құрамның бойына «қан жүгіріп», алып техника толық басқарылады. Сонымен қатар қашықта тұрған теміржолдағы бағдаршамның қандай түске жанып тұрғаны осы шағын қобдишадай құрылғы бетіндегі шам арқылы анық көрінеді. Мысалы пойыздың жолы ашық тұрғанымен, бағдаршамның қай түсі жанып тұрғанына машинистің көзі анық жетпейтіні белгілі. Ал күн райы тұманды болса, ол тіпті мүмкін емес. Сондай сәтте машинистер бағдаршамның қай түске жанып тұрғанын осы «ДУ» құрылғысындағы бармақтың басындай ғана лампадан нақтылап жатады. Яғни локомотив кабинасындағы табло қашықтағы бағдаршамның белгісі



қандай екенін анық көрсетіп береді.

– ДУ істен шыққанда жауапты мамандар оны локомотивтен шешіп, біздің цехқа алып келеді. Біз осы «қара жәшікті» ашып, қопарып, қай шамы, не себептен жанып қалғанын тексереміз. Құрылғы стендке қойылғанда кем-кетігі бірден анықталады. Көп жағдайда оның сигнал беру қуатын бір-біріне өткізетін қаңылтыр тілшелердің бір-біріне жабысып қалуы жиі қайталануы, – дейді Гүлнәр Оңалбекқызы.

Әрине ең алдымен «қара жәшік» қобдишасы шаң-тозаңнан тазартылып, диагностика жасалады. Ал ақау анықталғанда төмен кернеулі электрдәнеркерлеу

құрылғысымен сымдар жалғанады.


Негізінен мұндай құрылғыларды қалпына келтіруге 6 сағат уақыт беріледі. Бірақ Гүлнәр секілді білікті мамандардың арқасында локомотивтер 1,5-2 сағат ішінде жолға шығып жатады. Техникалық нұсқаулықта жоспарлы 6 сағат жалпы оққылықты қалпына келтіріп, жөндеп шығару үшін қажет деп көрсетілген. Алайда, іс-жүзінде алдын ала қалпына келтіріліп, дайындалған ДУ құрылғысын ауыстыру арқылы уақыт үнемделеді. Бұл да бір тәжірибеден туындаған тапқыр шешім болса керек. Ал локомотивтің құрылғысын ежел-жедел ауыстырып, аттандырыған соң одан шешіп алынған құрылғы асықпай жөнделіп, кем-кетігі түзеледі де резервке қойылады.

Гүлнәр Оңалбекқызының айтуынша, бүгінде осы бір жинақты ДУ құрылғысының 16 және 25 келілік екі түрлі қобдишасы бар. Шымкент қаласының локомотив пайдалану депосында орналасқан цехта аталған құрылғы түрлерінің әр бірінен кемі 3-4 жинағы резервте дайын тұрады. Негізінен жарты жыл сайын ауыстырылу немесе қайта тексерістен өткізілуі тиіс ДУ құрылғысына қатысты жұмыстардың бәрі де осы цехта орындалады.

*Суреттерді түсірген автор*



## К ПОСТОЯННОМУ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ



**В минувшем году эксплуатационные показатели РЦУП-2 Алматы были успешно выполнены в полном объеме.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Грузооборот выполнен на 94,6%, производительность локомотива – на 101,7%, участковая скорость – 98,9%, техническая скорость – 100%. Общий грузооборот – сдача в КНР, прием из КНР при плане ОСЖД 357 015 вагонов фактическое выполнение составило 486 658 (136%).

Достигнутые результаты подтверждают высокий уровень ответственности и стремление к достижению поставленных целей, что укрепляет позиции Регионального центра управления перевозками Алматы в отрасли.

По итогам ушедшего года в РЦУП-2 было сформировано и пропущено 82 475 длинносоставных поездов, что больше показателя 2023 года на 15,3%, и 3 560 тяжеловесных грузовых поездов с увеличением к прошлому году на 1 250 поездов.

В том числе пропущено

8 673 длинносоставных контейнерных поездов, из которых 7 982 повышенной длины и 691 двудесяти контейнерный состав. К периоду 2023 года увеличено количество пропуска контейнерных поездов КНР – Европа на 97 и снижен пропуск по направлению Европа – КНР на 734 поезда.

Показатели по экспорту были успешно выполнены досрочно по сдаче грузов через пограничный переход Достык – Алашанькоу, который составил 12,2 миллиона тонн. Это свидетельствует о высокой эффективности работы коллектива, грамотном планировании и четком выполнении поставленных задач. Несмотря на проведение работ по строительству вторых путей на участке Достык – Мойынты, с начала года отмечается рост объема перевозок экспортных грузов на 2%, в том числе: черные металлы – в 2,4 раза (1 млн тонн), нефтепродукты +20% (231 тыс. тонн),

растительные масла +10% (165,5 тыс. тонн), комбикорма в 2,2 раза (156 тыс. тонн), продукты перемола в крытых вагонах +12% (37 тыс. тонн).

– Досрочное выполнение экспортных обязательств подтверждает надежность и конкурентоспособность на международном рынке, а также укрепляет репутацию РЦУП-2 как ответственного и профессионального партнера, – говорит начальник РЦУП-2 Алматы Айдоос Турдалиев.

При запланированном объеме перевозки экспортных грузов в КНР 228 910 вагонов выполнено 227 346, или 111%.

Что касается импортных грузов, то при плане ОСЖД



128 105 вагонов выполнено 259 312, что составляет 100%. По отношению к периоду прошлого года, наблюдается увеличение приема импортного груза в вагонах на 38 509 (117%), в тоннаже – на 417 779 (110%).

В ушедшем году РЦУП-2 предоставлен 21 370 «технологических окон» на 68 132,56 часа. По сравнению с 2023 годом количество выросло на 18%.

РЦУП-2 не только поддерживает высокий стандарт работы, но и внедряет новые подходы, успешно справляется с самыми сложными задачами, укрепляет репутацию подразделения как одного из ключевых звеньев железнодорожной сети.

Фото автора

– Досрочное выполнение экспортных обязательств подтверждает надежность и конкурентоспособность на международном рынке, а также укрепляет репутацию РЦУП-2 как ответственного и профессионального партнера, – говорит начальник РЦУП-2 Алматы Айдоос Турдалиев.

При запланированном объеме перевозки экспортных грузов в КНР 228 910 вагонов выполнено 227 346, или 111%.

Что касается импортных грузов, то при плане ОСЖД

Фото автора

## Обучение

### ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЧЕРЕЗ ПРАКТИКУ

**Практические технические занятия прошли по Акмолинскому отделению магистральной сети (НЖС-1).**

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Кокшетау

Технические занятия на железнодорожном транспорте играют ключевую роль в обеспечении безопасности и эффективности отрасли. Они помогают сотрудникам повышать квалификацию, осваивать новые технологии и современные системы управления движением.

Так, после случая, произошедшего 9 октября 2024 года на станции Сурган, было принято решение провести четыре технических занятия с работниками станций Жалтыр, Саумалколь, Курорт-Боровое. Основная тема обучения – «Взаимодействие причастных служб при обеспечении «технологических окон» по замене металлических частей стрелочного перевода».

– Обучение позволяет оперативно выявлять и устранять неисправности, улучшая качество обслуживания и предотвращая аварии. Внедрение новых стандартов и экологически чистых технологий также требует постоянного обновления знаний. Регулярные технические занятия способствуют снижению затрат на ремонт, повышению производительности и улучшению корпоративной культуры, что в конечном итоге влияет на стабильность и развитие железнодорожного сектора, – отметил ведущий инженер отдела



СЦБ, связи и электроснабжения НЖС-1 Кобланды Мукажанов.

Обучение прошли работники Регионального центра управления движения поездов Северного региона (РЦУП-3), поездные диспетчеры (ДНЦ), дежурные по станции (ДСП), путевого хозяйства (ПЧ), хозяйства сигнализации и связи (ШС) и хозяйства электроснабжения (ЭЧ).

Так, при разборе случая на станции Сурган участники обсудили вопросы обеспечения «технологических окон» по замене металлических частей стрелочного перевода и взаимодействие работников ДНЦ, ДСП, ПЧ, ШС, ЭЧ. Организаторы обучения постарались не только передать всю необходимую информацию, опыт, но и развить профессиональные навыки участников, чтобы в дальнейшем они могли их применить в работе.

Для закрепления пройденного обучения для слушателей также было проведено практическое «технологическое окно» по замене металлических частей стрелочных переводов.

Кроме того, состоялось совещание по взаимодействию причастных служб НЖС-1 (РЦУП-3) с заместителями линейных подразделений (ПЧ-15,17) (ШС-14,16) (ЭЧ-6,7,8) и начальниками отделов СЦБ, электроснабжения и отдела пути с работниками РЦУП-3. На данном техническом занятии состоялось обсуждение планирования и предоставления «технологических окон».

Так, в прошедшем году по Акмолинскому отделению магистральной сети выполнен значительный объем путевых работ. В ходе них завершены капитальный ремонт на участках Атбасарской, Жана-Есильской, Кокшетауской и Астанинской дистанций, включая укладку рельсошпальной решетки, замену рельсов и очистку балласта. В общей сложности работами был охвачен всего 131 километр пути. Реализован новый подход к десятидневным «технологическими окнами», позволивший ускорить ремонт. Проведена замена 64 стрелочных переводов и пяти километров рельсовых опор.

Фото автора

## ВНЕДРИЛИ КОМПЛЕКС УЛУЧШЕНИЙ



**В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) за прошлый год выполнены все мероприятия, входящие в Комплексный план по улучшению условий труда.**



**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

В их числе – обучение и повышение квалификации работников, установка автоматизированной системы медосмотров,

закуп бытовой техники для улучшения санитарно-бытовых условий, приобретение знаков безопасности для служебных проходов, испытание защитных средств, предохранительных поясов, сопротивление изоляции.

По информации начальника сектора охраны труда и экологии ТЧЭ-22 Каната Макашева, на 1 января текущего года численность работников Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо составила 393 человека, в том числе 335 работников трудятся в тяжелых и напряженных условиях. Это машинисты и помощники машинистов тепловозов, слесари по ремонту локомотивов циклом ТО-2, машинисты крана, пескоподающей и компрессорной установок, экипировщики песком, аппаратчики химводоподготовки, приемщики локомотивов.

– Затраты и компенсации работникам, занятым во вредных и опасных условиях труда, включили в себя доплаты к тарифной сетке, затраты на дополнительный отпуск, приобретение молока, – объяснил Канат Макашев. – Обеспеченность молоком составила 100% для 52 работников, занятых во вредных условиях труда и получающих этот продукт по результатам аттестации рабочих мест.

За 12 месяцев 2024 года обеспечение работников Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо летней спецодеждой, спецообувью и СИЗ с учетом остатков на складах составило 100%, также работники полностью обеспечены зимней спецодеждой.

Фото автора

## ОБЕСПЕЧИЛИ РАБОТОЙ

**Любовь РОВБА,**  
Астана



**Порядка 2,7 тысячи новых рабочих мест создано в Казахстане в рамках реализации железнодорожных проектов.**

В Министерстве транспорта РК отметили, что строительство железных дорог общей протяженностью 1 100 километров также увеличит экспорт и транзитный потенциал страны. Речь идет о возведении вторых путей на участке Достык – Мойынты, Алмадинской обводной дороге и Дарбаза – Мактаарал. На стройках задействовано свыше 1,4 тысячи единиц техники.

Развитие транспортной инфраструктуры будет способствовать развитию областей и экономики страны, а для строительства и обслуживания железнодорожных объектов привлечено около 2,7 тысячи человек.

## Профилактика

### НЕ УСТАНЕМ ПОВТОРЯТЬ...

**Анна МАРЬИНА,**  
Уральск

**Продолжается профилактическая работа железнодорожников совместно с линейным отделом полиции по станции Уральск со школьниками.**

Особое внимание уделяется школам, расположенным на привокзальной площади, чьи ученики живут в непосредственной близости от железной дороги, – лицее № 35 и СОШ № 45.

Для большего охвата учащихся в этот раз была сформирована бригада из работников железнодорожных предприятий и сотрудников линейного отдела полиции по станции Уральск. Это дало возможность не только рассказать детям о правилах поведения на железной дороге, но и привести примеры из жизни разных сфер деятельности КТЖ, ответить на их вопросы.

В бригаду вошли инженер по охране труда Гульдана Жамалова и инженер-технолог станции Орал Наргыз Амирханова, ревизор по безопасности движения на Уральском участке Ержан Жумагалиев, ведущий инженер-технолог Уральской дистанции пути Малик Кадешов, ведущий инженер по безопасности и охране труда Нургуль Тукашева и старший дежурный Уральского эксплуатационного локомотивного депо Руслан Ермуқанбетов. В ходе беседы детям раздавались памятки с правилами поведения на железной дороге.

В период с 23 по 26 января на участке обслуживания ЛОП на станции Уральск проводилось оперативно-профилактическое мероприятие «Безопасность на транспорте», направленное на профилактику правонарушений и травматизма на объектах транспорта.

Фото автора



## ПО ПУТИ БЕЗОПАСНОСТИ

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

**Более тысячи нарушений выявлено за четыре дня оперативно-профилактического мероприятия «Безопасность на транспорте».**

Основная цель мероприятия – это профилактика преступлений, правонарушений, а также предупреждение несчастных случаев на объектах железнодорожного транспорта. За четыре дня проведенного ОПМ выявлено 1 260 административных правонарушений, в том числе за проход по железнодорожным путям в неустановленных местах – 634, загрязнение мест общего пользования – 188, нарушение запрета антиалкогольного законодательства – 111, торговля в неустановленных местах – 56 лиц.

Транспортные полицейские совместно с железнодорожниками проводили беседы с пассажирами, советовали не оставлять без контроля ценные вещи: кошельки, мобильные телефоны, планшеты. Кроме того, в учебных заведениях были проведены лекции и круглые столы с участием представителей железнодорожных и авиаорганизаций по соблюдению правил поведения на объектах транспорта.

Основная задача – эффективно организовать работу так, чтобы любому гражданину, будь он пассажиром или работником транспорта, было безопасно и комфортно. А также поставить надежный заслон преступности, тем самым способствовать укреплению правопорядка в обществе, отметили полицейские.

В рамках оперативно-профилактического мероприятия раздавались буклеты и памятки, которые рассказывают о правилах безопасного поведения в зонах повышенной опасности. Напомним, что проявленная гражданская позиция и личная бдительность граждан позволяют избежать многих неприятностей в пути следования.

Фото автора



«Қазқоліккәсіп» ҚБ Орталық аппараты басшылығы мен ұжымы және ел өңірлеріндегі кәсіподақ ұйымдары сала кәсіподағының Захита торабы бойынша өкілі Айгүл Жайлаубаеваға анасы

**Алла Жұмабекқызы Бақтыбаеваның** қайтыс болуына байланысты тұма-тұстары мен жақын-дарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



№7 (3046) 31/01/2025

## ЭЛЕКТРОВАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ТАРТУ ЕТТІ

**Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі Тараз көлік және коммуникация колледжіне электровоз жабдықтары мен аппараттарын тапсырды.**

Колледж директорының оқу-өндірістік ісі бойынша орынбасары Жеңіс Тайбеков әлеуметтік серіктестің қайтарымсыз берген электровоз жабдықтары мен аппараттарын колледждің материалды-техникалық базасын толықтырғанын жеткізді.

– Жамбыл локомотив пайдалану депосы басшысының міндетін атқарушы Мәди Қонысбаев әкеліп тапсырған жабдықтар студенттеріміздің заманауи технологияларды толық меңгеруіне мүмкіндік береді, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің маңыздылығын арттыруға бағытталған маңызды қолдау болды, – деді ол.

Теміржол саласын орта буын мамандармен қамтамасыз етіп отыруға кәсіптік білім беру мекемесінің әлеуметтік серіктесі болып табылатын Жамбыл ЖТ бөлімшесі колледжде жиі көмек қолын созып, қолдау көрсетіп келеді. «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай қос тарап екіжақты меморандум жасасқан болатын. Онда студенттердің білім беру бағдарламасын толық игеру үшін қажетті қолдау көрсету туралы



тармақ қарастырылған. Нәтижесі студенттердің теориялық білімдерін практикалық дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді.

– Бөлімше басшысы Айдын Сеитбенбетовтің ұсынысымен колледжде практикалық дәрістерде қолдану үшін электровоз жабдықтарын бердік. Оқу орнының еңбек нарығында сұранысқа ие, техникалық және кәсіптік білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау миссиясына қолдау жасау – әлеуметтік серіктес ретінде біздің міндетіміз, – дейді Жамбыл локомотив пайдалану депосы бастығының міндетін атқарушы Мәди Қонысбаев.

**Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл**  
Суретті түсірген автор

## Еңбек адамы

### ҚЫРАҒЫ ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

**Теміржол жолаушылар мен жүк тасымалдаудағы ең қауіпсіз көлік түрлерінің бірі саналғанмен, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету теміржолшылардың жоғары қырағылығы мен жауапкершілігін талап етеді.**

Қызылорда жол дистанциясының өткел кезекшісі Жарқынбек Жаңабаевтың кәсіби қырағылығы арқасында болуы мүмкін теміржол апатының алдын алды.

– Бұл күні дистанцияның Қарайірім – Жалағаш перегонының 2742 шақырымындағы теміржол өткелінде Жарқынбек Жаңабаев кезекшілік атқарып тұрған. Қырағы кезекші сол сәт өткелден өтіп бара жатқан №2802 жүк пойызы вагондарының бірінен төменгі жалпы жолақтың сынығын көзі шалып қалады. Жағдайды тез бағамдап үлгерген ол дереу дабыл көтеріп, дистанцияның диспетчеріне, жауапты тұлғаларға, оның ішінде Жалағаш станциясының кезекшісі А.Ембергеновке хабарлайды. Станция кезекшісі өз кезегінде машинистке радиобайланыс арқылы хабарласып, пойызды тоқтату туралы бұйрық береді. Тіпті нұсқаулыққа сәйкес пойызды тоқтату шаралары қабыл-



данып, сараптама жұмыстары жасалынды. Нәтижесінде вагонның ақауы дәлелденіп, құрамнан ажыратылуына шешім қабылданды. Бұл оқиға теміржол саласында жұмыс істейтін әрбір қызметкердің өз міндетіне деген адалдығы мен жауапкершілігінің деңгейін көрсетеді. Вагондағы жалпы жолақтың сынуы пойыздың рельстен шығып кетіп ауыр зардаптарға соқтырып әбден мүмкін еді, – деді Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов.

Өткелде анықталған оқиға кез келген ситуацияда теміржол қызметкерлерінің қырағылығы мен жауапкершілігі қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Егер өткел кезекшісі Жарқынбек өтіп бара жатқан пойыз вагондарына жіті назар аударып, бақылағанды, ақау анықталмай, соңы апатқа ұласуы мүмкін еді. Өткел кезекшісі пойыздардың қауіпсіз қозғалысын бақылап қана қоймай, кез келген күмәнді жағдайға жіті назар аударып, уақытында әрекет ете білгенінің арқасында апаттың алды алынды.

– Теміржол өткелінде болған оқиғада мен өткел кезекшісінің міндетіне сәйкес әрекет еттім және мұндай жағдайда кез келген теміржолшы нұсқаулыққа сәйкес осылай әрекет етіп, шешім қабылдады. Ең бастысы, бұл жағдай қозғалыс қауіпсіздігі шараларын одан әрі күшейтуге септігін тигізеді деп ойлаймын, – дейді қырағы өткел кезекшісі Жарқынбек.

Теміржол қауіпсіздігі – тек заманауи техника, автоматтандыруда ғана емес, сонымен қатар адами фактор мен кәсіби қырағылыққа да байланысты. Оның жарқын мысалы қарапайым еңбек адамы өткел кезекшісінің өз міндетіне адалдығы мен жедел әрекеті арқылы үлкен апаттың алдын алуы дер едік.

Иә, біз күнделікті өмірімізді тыныш және қауіпсіз ететін адамдар бар екенін жиі ойлана бермейміз. Қауіптің алдын алу бұл жолы қарапайым өткел кезекшісінің пешенесіне жазылыпты...

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда**  
Суретті түсірген автор

## ТЕМІР ЖОЛМЕН ТАНЫСТЫ

**Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызмет атқару аумағында Көліктегі қауіпсіздік жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Оның аясында мектеп оқушыларына «Темір жол – аса қауіпті аймақ!» тақырыбында дәріс оқылып, темір жолға танымдық саяхат ұйымдастырылды.**

23-25 қаңтар аралығында өткен шара аясында желілік полиция өкілдері мектеп оқушыларымен кездесіп, теміржол аумағында жарақаттанудың алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тақырыбында Мұнайлы аудандық №1 жалпы білім беру мектебінің оқушыларына арнайы дәріс өткізді. Сонымен қатар бастаушы сынып оқушыларына Маңғыстау теміржол вокзалына танымдық саяхат ұйымдастырып, темір жолдағы қауіп-қатермен таныстырып, жол белгілерінен түсінік берді.

– Профилактикалық жұмыстар барысында оқушыларға темір жолдың белгіленбеген жерлерінен өтуге болмайтыны ескертіліп, темір жолға жақын-



дағанда құлаққапты шешу керектігін, онымен жолдан өтемін деп өміріне қауіп-қатер туындатпау туралы жан-жақты ақпарат берілді. Темір жолдың арғы бетіне өту үшін қандай белгілерді басшылыққа алу керектігі көрсетіліп, ескерте буклеттер таратылды.

Мектеп оқушыларымен мұндай профилактикалық жұмыстары алдағы уақытта да жалғасуда, – дейді Маңғыстау ст. ЖПБ ӘІПб профилактика инспекторы А.Тойлыбаева.

**Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау**  
Суретті түсірген автор

## ЕДИНОЙ КОМАНДОЙ

**Контра передача на станции Достык играет особую роль в обеспечении бесперебойной работы транспортно-узла. Здесь трудится сплоченная и высококвалифицированная команда профессионалов, которая эффективно справляется с задачами любой сложности.**

Сотрудники конторы ежедневно вносят значительный вклад в обеспечение стабильных грузовых и пассажирских перевозок, демонстрируя высокий уровень ответственности и профессионализма. Работники данного подразделения обеспечивают прием и обработку перевозочных документов экспортных грузов, формирование пакета перевозочных и сопроводительных документов для передачи грузов в КНР, ведут контроль за выполнением плана экспортных перевозок, а также согласование плана работы с конторой передач КНР по передаче экспортных грузов. Вместе

с тем прием импортных грузов по узкой колее в коммерческом отношении от агента КНР.

Здесь трудятся увлеченные работой люди, многие из них работают с момента открытия станции Достык. К примеру: начальник конторы передачи Галия Кошимбаева; много лет работает заместитель начальника конторы передачи Куралай Мухамедия; умело трудятся агенты Владимир Добрыднев, Куралай Битанова, Салтанат Молдакан и Адема Тойшибекова; профессионалами своего дела можно назвать товарных касиров Ляззат Адильбекову и Гульвиру Шумееву. Все эти

люди своим ежедневным трудом вносят лепту в развитие станции и организацию перевозок.

– Еще вчерашние молодые специалисты сегодня успешно реализуют свои профессиональные возможности и уверенно демонстрируют высокий уровень компетентности, – отмечает начальник конторы передачи Галия Кошимбаева.

По ее словам, стремление к развитию и ответственности каждого сотрудника становится важным вкладом в общие достижения приграничной станции.

**Елена КОЛДАСБАЕВА, Достык**  
Фото автора



## Хабарландыру/Объявление

### ЖОЛАУШЫЛАР ҮШІН АҚПАРАТ

2025 жылғы 30 қаңтар

Астана қаласы

«Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңының 12-тарауы, 94-бабының 2-тармағына сәйкес «Жолаушылар тасымалы» АҚ 2025 жылғы 1 наурыздан бастап әлеуметтік маңызы бар облысаралық маршруттар мен кейбір қала маңы пойыздарына жол жүру тарифінің шекті деңгейінің өзгеретінін хабарлайды. Бұл өзгеріс жоспарлы индексация аясында, жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығындарын ұзақ мерзімді субсидиялау шарттарына сәйкес 7% мөлшерінде жүргізіледі.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ

### ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ ПассажиРОВ

30 января 2025 года

г. Астана

В соответствии с п.2 ст.94 пп.12 Закона РК «О железнодорожном транспорте» АО «Пассажирские перевозки» уведомляет об изменении предельного уровня цены (тарифа) на все социально значимые маршруты в межобластном сообщении и ряде поездов, курсирующих в пригородном сообщении, начиная отправлением с 1 марта 2025 года в размере плановой индексации согласно условиям договоров на долгосрочное субсидирование расходов перевозчика, связанных с осуществлением перевозок пассажиров по социально значимым сообщениям в размере 7%.

АО «Пассажирские перевозки»

## ПАМЯТИ ОМИРТАЯ САХТАНОВА



**В Уральске прошел традиционный январский турнир по шахматам памяти легендарного НОДа Омиртая Сахтанова, 20 лет возглавлявшего Уральское отделение Западно-Казахстанской железной дороги.**

Омиртая Каримовича помнят в Уральске и чтят его память. Почетный железнодорожник, он достойно продолжил династию Сахтановых, внося огромный вклад в развитие не только Уральского отделения дороги, но и всего региона. В этом году шахматный турнир памяти Сахтанова особенный – его открывал внук Еркен, заместитель директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» по Уральскому региону. Он тоже достойно продолжает династию Сахтановых, пользуясь в коллективе уральских железнодорожников заслуженным уважением и доверием.

Омиртай Каримович родился в январе, а шахматный турнир, посвященный его памяти, давно стал доброй традицией в Уральске. В этом году в нем приняли участие 12 спортсменов. Это ветераны-железнодорожники, а также работники Уральской дистанции пути (ПЧ-1), Уральской дистанции сигнализации и связи (ПЧ-7), Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3), станций Уральск и Пойма, а также ревизорского аппарата



департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке (РБ-12) и административно-управленческого персонала Уральского филиала Актюбинского отделения ГП (НОД ГП).

Организаторами выступили инструктор-организатор Бекзат Гилманов и спортивный инструктор ФСК «Локомотив» Болат Карлибаев совместно с профсоюзным комитетом Уральского узла. Судейскую коллегию возглавил ветеран спорта Александр Любимкин. Впервые шахматный турнир проходил в новом тренажерном зале, столы разместили в малом зале для настольного тенниса. И хотя шахматы спра-

ведливо называют гимнастикой для ума, а спортсмены на шахматном поле ведут себя тихо и задумчиво, баталии черных фигур с белыми были нешуточными.

Накал страстей достиг максимума, когда в полуфинале сошлись в поединках занявшие первые и вторые места в своих группах менеджер по персоналу Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» Гульжан Аманова (1-е место в группе А) и диспетчер пути ПЧ-1 Нурлан Молдагалиев (2-е место) и ветераны отрасли – оператор дефектоскопной тележки ПЧ-1 Владимир Мирошников (1-е место в группе В) и мастер восстановительного поезда Сагидолла Шапишев (2-е место).

Спортивная фортуна бывает очень ироничной, и в финале вновь сошлись Владимир Мирошников с Сагидоллой Шапишевым. И если в начале турнира белые фигуры «помогли» одержать победу Владимиру Викторовичу над Сагидоллой Доскаловичем, то в финальном поединке они же сыграли в пользу Шапишева. За финальным сражением напряженно следили буквально все участники турнира. Таким образом, третье место поделили между собой Гульжан Аманова (НОД ГП) и Нурлан Молдагалиев (ПЧ-1), на втором – ветеран ПЧ-1 Владимир Мирошников, на третьем – ветеран ВП Сагидолла Шапишев. Все призеры награждены грамотами и памятным подарками, остальным участникам были вручены поощрительные призы.

**Анна ПАНИЩЕВА, Уральск**  
Фото автора



КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.  
тел: 8 (7172) 60-44-87,  
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы  
**Ерболат Тілеуберенов,**  
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:  
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
альынды, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушанова 8-777-203-51-87  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Жамбыл:** Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2,  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22,  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркеу күші берілді.